

## Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 57 қаулысы. Ақтөбе облысының Эділет департаментінде 2018 жылғы 27 ақпанда № 5893 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 242 қаулысымен

**Ескеरту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 20.06.2019 № 242 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 13-бабының 1-1-тармағының 6-4) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібі бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының жолаушылар қөлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Эділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары С.Т. Төленбергеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б. Сапарбаев

Ақтөбе облысы әкімдігінің

2018 жылғы 5 ақпандағы

№ 57 қаулысымен бекітілген

## **Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыру тәртібі**

1. Осы облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыру тәртібі (әрі қарай - Тәртіп) "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсанындағы Заңына сәйкес әзірленген және автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде плакаттар, стенділер, жарық тақталар, билбордтар, транспаранттар, афишалар және басқа да жарнамаларды тұрақты орнату объектілері сыртқы көрнекі жарнамаларды орналастыру шарттарын, келісу және орналастыру тәртібін белгілейді.

2. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінің жол органдары немесе концессионер пайдаланбайтын жер участкерін облыстың немесе ауданның жергілікті атқарушы органды, жолдардың көліктік-пайдалану сапасының төмендеуіне жол бермеу, көлік құралдары жүрісінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтауы шартымен сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру үшін жеке және заңды тұлғаларға шарт бойынша қысқа мерзімді уақытша жер пайдалануға беруі мүмкін.

3. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің орналастыру көлік құралдарының жол қозғалысы қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау шарттарының және қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілер мен стандарттар талаптарының сақталуы жағдайында жолдың көлік-пайдалану сапасын төмендетуге жол берілмейтін ретте жүзеге асырылады.

4. Нысан иелерімен облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының иелігіне қарайтын жергілікті атқарушы органдарға, коммерциялық емес акционерлік қоғам "Мемлекеттік корпорациясы "азаматтарға арналған Үкімет" "электрондық Үкімет" веб-порталына немесе ([www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz)) сайттарына осы Тәртіпке қосымшада белгіленген нысан бойынша өтініш береді. Өтінішке түстік шешімі мен мөлшері бар объектінің эскизі, сондай-ақ объектілер иелерінің өкілі жүргінген кезде уәкілетті жеке басын куәландыратын құжат және өкілдік етуге құзыреттілігін куәландыратын құжат қоса беріледі.

Жергілікті атқарушы органдар өтінішке сәйкес объектілердің орналасу орнын айқындаиды, егерде өтінішке сәйкес объектілерді орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда басқа орынды ұсынады, сондай-ақ сыртқы (көрнекі) жарнама

объектілерінің өлшемдері мен көркемдік орындалуының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексереді.

5. Мәселе оң шешілген жағдайда нысанды (объектіні) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыру жүзеге асырылады және паспорт ресімделеді, бұл паспорт рұқсат құжаты болып келеді, паспорттың қолдану мерзімі, объект бойынша және оған таяу жерде қозғалысты ұйымдастырумен бірге объектіні жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолына орналастырудың схемасы мен сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің эскизі көрсетіледі.

6. Паспортты облыстық немесе аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары бойынша жергілікті атқарушы орган бес жұмыс күні ішінде береді.

Паспорт бір жылдан аспайтын мерзімге беріледі және сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі иесінің жазбаша өтініші бойынша ұзартылады.

Орнатылған объектілердің мөлшерлері өзгерген жағдайда паспорт және жарнама объектісінің эскизі қайта ресімдеуге жатады.

Паспорттың қолданылуы және жарнама объектісінің эскизи объектінің іс жүзіндегі мөлшері паспортқа енгізілген мөлшерге сәйкес келмейтіндігі анықталған кезде тоқтатылады.

7. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің иелерінен алынатын төлем тиісті бюджетке енгізілуі тиіс.

8. Құжаттамаларды тиісінше ресімдемей және оны жергілікті атқарушы органдарда келіспей, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін өз бетінше орналастыруға жол берілмейді.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің накты орналасытура тиісті рұқсат беру құжаты болмаған кезде төлем сомасын өндіріп алу және бюджетке енгізу үшін негіз болып табылады.

9. Сыртқы (көрнекі) жарнама өз бетінше орналастырылған иелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жол шаруашылығына келтірілген материалдық залалды өтейді.

Жолға бөлінген белдеуді өз бетімен пайдалану, заңсыз пайдаланған уақытта тартқан шығындары өтелмestен, тоқтатылады.

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекті) жарнаманы орналастыру тәртібіне қосымша  
(басшының Т.А.Ә.)

занды тұлғаның толық атасы \_\_\_\_\_

(жеке (ЖСН) немесе занды (БСН)  
тұлғалардың жеке басын

куәландыратын құжаттардың деректемелері

байланыс телефоны, мекенжайы

## **Әтініш**

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолға бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналстыруға паспорт беруіңізді сұраймын.

Күні \_\_\_\_\_ Алушы \_\_\_\_\_

— (жеке тұлғаның тегі, аты, экесінің аты немесе

занды тұлғаның не уәкілетті адамның

атаусы, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК